

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
«ӨРЛЕУ» БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУ ҰЛТТЫҚ ОРТАЛЫҒЫ» АКЦИОНЕРЛІК  
ҚОҒАМЫНЫҢ ФИЛИАЛЫ  
ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ  
БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУ ИНСТИТУТЫ



## ЖОБА ЖҰМЫСЫ

«Жасөспірім кезеңдегі ерекшеліктерге  
байланысты проблемалар бойынша  
психологиялық кеңес беру»

# Мазмұны

## Кіріспе

1. Мінез – құлық және оның негізгі көрсеткіштері
2. Мектеп жасындағы жасөспірім шақ оқушылардың физиологиялық ерекшеліктері
3. Мектеп жасындағы жасөспірімдік шақ оқушылардың психологиялық-педагогикалық сипаттамасы
4. Жоғары сынып жасөспірім жасындағы оқушылардың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері
5. Жасөспірімдік жастағы өзіне өзі қол жұмсау мінез-құлқының ерекшеліктері мен негізгі себептері

## Қорытынды

## Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- **Тақырыптың көкейкестілігі.** Қазақстанның тәуелсіздік алып, әлеуметтік-экономикалық жағынан нығая бастауы, ұлттық санасының қайта жаңғыруы жағдайында, адамгершілікті-этикалық идеялар көрініс алған ұлтымыздың болашағы болар жасөспірімдеріміздің бойындағы ерекшеліктерге байланысты проблемаларды зерттеу және оларға бүгінгі қоғам талабын ескере отырып психологиялық кеңес беру мәселесін зерделеу *көкейкесті мәселенің* бірі болып табылады. Бұны елбасы Н. Ә.Назарбаевтың біздің бүгінгі қоғамымыз «арды бағалайтын, белсенді, жоғары моральды, әдепті және рухани байлығы мол адамдардан тұруы керек. Қазақстанның бірегей халықтарының ұлттаралық және мәдениетаралық ынтымағы мен жетілуін қамтамасыз ете отырып, қазақ халқының көп ғасырлық дәстүрлерін, тілі мен мәдениетін сақтаймыз және дамыта түсеміз» деген Қазақстан халқына арнаған Жолдауынан байқауға болады.

**Тақырып объектісі – жасөспірімдер  
психологиясы.**

**Зерттеу пәні – мектеп жасындағы жасөспірім  
кезеңдегі ерекшеліктерге байланысты  
адамгершілікке тәрбиелеу тәжірибесі.**

**Жұмыстың мақсаты - жасөспірім кезеңдегі  
ерекшеліктерге байланысты  
проблемаларды айқындау және туындаған  
мәселелер бойынша психологиялық кеңес  
беру, тәрбие берудегі озық дәстүрлерді білім  
беру жүйесінде пайдалану жолдарын  
анықтау.**

Аталмыш мақсатқа жету үшін төмендегі міндеттер қойылады:

- Педагогика саласында баланы тәрбиелеудің теориялық алғы шарттарын анықтау.
- Психология бағытында баланы жасына қарай тәрбиелеудің мазмұнын, әдіс-тәсілдерін, мүмкіндіктерін анықтау.
- Этнопедагогикадағы баланың жас кезеңдері жіктемесінің өзіндік ерекшеліктерін ашып көрсету.
- Қазақ халық педагогикасында баланы жасына қарай тәрбиелеудегі озық дәстүрлерді білім беру жүйесінде тиімді пайдалану.

- **Зерттеудің теориялық-әдіснамалық негіздері** болып, білім беру мен тәрбиеге тұлғалық, іс-әрекеттік көзқарас; халық педагогикасының тұжырымдамасы; балаларға адамгершілік тәрбие берудегі философиялық, логикалық, психологиялық, педагогикалық, этнопедагогикалық қағидалар; қазақ халқының ұлттық мәдениетінде, соның ішінде рухани мәдениетінде көрініс алған құнды идеялар, озық дәстүрлері, тәжірибесі саналады.

- **Зерттеудің көздері** болып Қазақстан үкіметінің жалпы тәрбие, соның ішінде адамгершілік тәрбиеге байланысты ресми құжаттары, зерттеу проблемасы бойынша басылым көрген отандық және алыс-жақын шетел ғалымдарының, қазақ ғұлама ойшылдарының еңбектері; қазақ халық ауызекі шығармашылығы, қазақ халқының мәдени дәстүрлері; Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің ұлттық тәлім-тәрбие беру тұжырымдамалары және оларды адамгершілік, моральдық тәрбие беру мақсатында пайдалану туралы оқу бағдарламалары, озық тәжірибелер тәжірибесі болып табылады.

- **Зерттеудің әдістері:** зерттеу мәселесі бойынша әдебиеттерге этнопедагогикалық, философиялық, тарихи-этнографиялық, филологиялық, психологиялық-педагогикалық, мәдениеттану, филологиялық тарихи-теориялық талдау жасау.



*Назарларыңызға  
рахмет!*